

Мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы

Күшін жойған

ОҚО Шымкент қ. әкімдігінің 2006 жылғы 19 маусымдағы N 596 қаулы.
Шымкент қ. әділет департаментінде 2006 жылғы 14 шілдеде N 14-1-37 тіркелді.
Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 19 шілдедегі № 257 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласы әкімдігінің 19.07.2013 № 257 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының " Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы ", " Халықты жұмыспен қамту туралы " Заңдарына сәйкес және мүгедектерді жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету мақсатында қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жұмыс орындарының жалпы санының үш пайызы мөлшерінде мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасы белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Қ.Ж. Қадырбековке жүктелсін.

Қала әкімі